



*ҚР «Өрлеу» БАҰО
Алматы қаласы*

** Дарынды балалармен
жұмыс жүргізу*

*Дайындаған: 29-топтың тыңдаушысы
Болысбекова Д.Ш.*

Жұмыс жүргізу мақсаты:

- 1. Жан жақты білімді, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, дені сау, барынша қабілетті жанды қалыптастыру.*
- 2. Бала дарынының ашылуын өз қабілетіне сәйкестендіре дамыту, жетілдіру.*
- 3. Дарынды балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру.*

Жұмыс жүргізу міндеттері

- Оқушылардың ақыл ой қабілеттерін жетілдіру.*
- Шәкірттердің шығармашылық жеке дарындылығын дамыту.*
- Дарынды оқушының шығармашылық бағытының ашылуына, дамуына, қоршаған ортаға өзін-өзі жарнамалауына көмек көрсету.*

** Дарынды оқушылармен жұмыс жасаудың өзектілігі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Әр баланың қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы жеке адамның дарындылығын таныту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отырғаны белгілі.

Дарынды балаларға білім беруді әр ғылымның бүгінгі дәрежесіне сәйкес жүргізу, бір жағынан, қоғамға талантты мамандар даярлауда тиімді болса, екінші жағынан, қоғамға ерекше дарынды балалардың тек өзінің интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етеді.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт - бағдар бере білу ерекше қиын іс.

Алайда әр баланың жеке қабілетін анықтап, оны сол бағытта жетелеу - ұстаз парызы.

Баланы заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан - жақты дамыту - бүгінгі күннің басты талабы.

** Дарындылыққа педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілген:*

«Дарындылық - белгілі бір әрекет саласында ерекше жетістікке жеткізетін адам қабілеті дамуының жоғары деңгейі».

** Дарындылық мәселесін зерттеушілердің еңбектері көп болғанымен, дарындылықтың мән - мағынасы жөнінде олар ортақ бір пікірге келе қоймады. Сондықтан да, біз баланың дарындылығы деп, оны өз құрдастарымен салыстырғанда бірдей жағдайда білім игеру деңгейінің шоғырлығымен аса ерекше байқалатын шығармашылық қабілетінің байқалуы деп түсінеміз.*

** Дарынды оқушылармен жұмыс барысында қолданылып жүрген психологиялық әдістемелер*

** “Дарындылық картасы” әдістемесі (Савенков)*

** Джонс креативтілігі сұрақнамасы*

** Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің диагностикасы*

** Оқу мотивін анықтау сұрақнамасы*

** Баланың профильдік қызығушылығын анықтау әдістемесі*

** Жалпы дарындылықты анықтау әдістемесі
(ата аналарға сауалнама)*

** Оқушының дарындылығын анықтауда
төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолданамыз*

**Баланың отбасылық жағдайын
зерттеу.**

Шығармашылық қабілетін анықтау

Сауалнамалар, тренингтер өткізу

**Пәндік олимпиадаларға, ғылыми жоба
сайыстарына қытысу**

* Дарындылықты дамыту



Дарынды тұлғаны дамытудың әдістер кешені

Шығармашылық
дарындылық

Ғылыми-практикалық
конференциялар жобалар

Көркемдік дарындылық

Шығармашылық сайыс,
ән, би театр үйірмелері

Интеллектуалдық
дарындылық

Интеллектуалы ойындар
ақбота, кенгуру

Психомоторлық
дарындылық

Спартакиадалар,
турслеттер,
президенттік тест

Академиялық дарындылық

Факультатив, таңдамалы,
қолданбалы курстар,
олимпиадалар

* Дарынды балаларға қолдау көрсету

- Сынып ішінде психо-эмоционалды климатты қалыптастыру;*
- Әлеуметтік жағдайы төмен отбасының дарынды балаларына мектеп тарапынан материалдық көмекпен қамтамасыз ету (мұражай, театр, қаланың көрнекті жерлеріне саяхат ұйымдастыру)*
- Физиологиялық денсаулығын бақылап отыру,*
- Демалыс кезінде тегін сауықтыру орындарына жіберу;*
- Психологиялық қызмет қолдауы (психологиялық тұрғыда денсаулығын бақылау, консультация, профилактика, тренинг, қабілетіне қарай іс-шаралар ұйымдастыру, ақпараттандыру, жинақтау, тарату, т.б.)*
- Қажетіне қарай жағдай тудызу*
- Кітапханамен тығыз байланыс, қажетті материалдар қарастыру.*





**Күтілетін
нәтиже**

**“Болашақ”
бағдарламасын қолдап
шетелдермен тәжірибе
алмасу**

**Шапшаң ойлау, тез
нәтижеге жету, тез
ілгерлеу**

**Мектептен ғана шектелмей,
жоғары оқу орындарымен
байланыс жасау;**

**Келешектегі кәсіби
мамандық тандауда
өздері шешім
қабылдайды**



Қорытынды

Жас ерекшелігін ескере отырып, қабілетіне қарай баланы жүйелі дамытып, қолдау көрсетіп отырса, келешек жастардың мемлекетімізге әкелер үлесі зор болады.

«ЖЕТІСТІК»

*Назарларыңызға
рахмет !!!*

